



Осы Сақтандыру ережелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы негізінде «Евразия» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамымен біржақты тәртіппен әзірленген және тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын жасасу және орындау тәртібін айқындайды.

Осы Сақтандыру ережелері Сақтандырушының құқық қабілеттілігін шектемейді. Тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандырудың нақты Сақтандыру шарты бойынша тараптардың міндеттемелерін айқындайтын талаптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімімен белгіленеді.

Мазмұны

1-бап. Жалпы ережелер.....	1
2-бап. Сақтанушы. Сақтандырылған тұлға. Пайда алушы.....	1
3-бап. Сақтандыру объектісі.....	2
4-бап. Сақтандыру жағдайларының тізбесі.....	2
5-бап. Сақтандыру жағдайларынан алып тастаулар және сақтандыруды шектеу.....	3
6-бап. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі.....	4
7-бап. Сақтандыру сыйлықақысы.....	4
8-бап. Франшиза.....	5
9-бап. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі.....	5
10-бап. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны.....	6
11-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері. Жәбірленушінің құқықтары.....	7
12-бап. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюының салдары.....	9
13-бап. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушының әрекеттері.....	10
14-бап. Сақтандыру жағдайының басталғанын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі.....	11
15-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары.....	12
16-бап. Залал мөлшерін және сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау.....	12
17-бап. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі.....	14
18-бап. Сақтанушының залалды өтеуге құқықтарының Сақтандырушыға ауысуы (суброгация).....	14
19-бап. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары.....	15
20-бап. Қосымша талаптар.....	16
21-бап. Дауларды шешу тәртібі.....	16

1-бап. Жалпы ережелер

1. Осы ережелердің талаптарында «Еуразия» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Сақтандырушы) тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты) жасасады, олар бойынша азаматтық заңнамамен белгіленген тасымалдаушының мынадай келтірілген зиянды өтеу міндетімен байланысты жауапкершілік тәуекелі сақтандырылады:

- 1) жолаушыларды тасымалдау кезінде олардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген;
 - 2) тасымалдаушының көлік құралымен тасымалданатын жүктің (багаждын) жоғалуы (жойылуы) немесе бүлінуі салдарынан жүк жөнелтушіге немесе жүк алушыға келтірілген.
2. Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы, Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру сомасы шегінде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыруға, ал ол үшін Сақтанушы Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді.
3. Осы ережелермен тасымалдаушының теміржол, теңіз, ішкі су, әуе, автомобиль көлік құралын, оның ішінде қалалық электр көлігін пайдалану кезіндегі жауапкершілік тәуекелі сақтандырылуы мүмкін.

2-бап. Сақтанушы. Сақтандырылған тұлға. Пайда алушы

1. Сақтанушы – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан тұлға. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтанушы бір мезгілде Сақтандырылған тұлға болып табылады;
2. Сақтандырылған тұлға – қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;



3. Сақтанушы – заңды тұлға қайта ұйымдастырылған кезде Сақтандыру шарты қолданылатын кезеңде осы Шарт бойынша оның құқықтары мен міндеттері Сақтандырушының келісімімен азаматтық заңнамамен айқындалатын тәртіппен тиісті құқық мирасқорына өтеді.
4. Сақтанушы – жеке тұлға Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде қайтыс болған жағдайда, осы Сақтандыру шарты бойынша оның құқықтары мен міндеттері Сақтандырушының келісімімен азаматтық заңнамамен айқындалатын тәртіппен Сақтанушының мұрагерлеріне өтеді.
5. Тасымалдаушы – меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде теміржол, теңіз, ішкі су, әуе, автомобиль көлік құралын, оның ішінде қалалық электр көлігін иеленетін және жолаушыларды және олардың мүлкін және (немесе) жүктерді ақыға немесе жалдау бойынша тасымалдауды жүзеге асыруға құқығы бар заңды немесе жеке тұлға.
6. Сақтандырылған тұлғаның пайдасына Сақтандыру шартын жасасу Сақтанушыны Сақтандыру шарты бойынша міндеттерін орындаудан босатпайды.
7. Пайда алушы — бұл Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға.
8. Жәбірленуші - өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген жолаушы немесе тасымалдауды жүзеге асыру кезінде мүлкіне зиян келтірілген жүк жөнелтуші және (немесе) жүк алушы.

3-бап. Сақтандыру объектісі

1. Тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру объектісі азаматтық заңнамамен белгіленген тәртіппен жолаушылардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне және (немесе) жүк жөнелтушіге және (немесе) жүк алушыға келтірілген зиянды өтеу міндетімен байланысты тасымалдаушының мүліктік мүддесі болып табылады.

4-бап. Сақтандыру жағдайларының тізбесі

1. Сақтандыру жағдайы - басталу ықтималдығы мен кездейсоқтығы белгілеріне ие, Сақтандыру шартында көзделген, оның басталуымен Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеті туындайтын оқиға.
2. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес жасалған Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) тасымалдау шарты бойынша өзінің шарттық міндеттемелерін орындамауының (тиісінше орындамауының) нәтижесінде үшінші тұлғаларға келтірілген залалдарды өтеу міндетінің туындауымен байланысты азаматтық-құқықтық жауапкершілік тәуекелі сақтандырылады, бұл оның абайсыз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) салдары болып табылады, атап айтқанда:
 - 1) жол-көлік оқиғасы, тасымалдау құралының апаты немесе соқтығысуы;
 - 2) өрт;
 - 3) үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері, атап айтқанда: бұзып ұрлау, тонау, қарақшылық шабуыл;
 - 4) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) және тасымалдау шарты бойынша контрагенттердің еркіне байланысты емес тиеу-түсіру жұмыстары кезіндегі оқиғалар.
3. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес сақтандыру жағдайы (тәуекелі) болып Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершілігінің мынадайлардың нәтижесінде туындауы табылады:
 - а) тасымалданатын жүктің толық немесе ішінара жойылуы немесе бүлінуі;
 - б) багаждың, жолаушылардың қол жүгінің толық немесе ішінара жойылуы немесе бүлінуі;
 - в) жолаушыларды қоспағанда, үшінші тұлғалардың мүлкінің толық немесе ішінара жойылуы немесе бүлінуі;
 - г) жолаушылардың өлімі, мертігуі, өмірі мен денсаулығына өзге де зиян келтірілуі.Сақтандыру жауапкершілігінің көлеміне енгізілетін сақтандыру жағдайларының (тәуекелдерінің) нақты тізбесі тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шартын жасасу кезінде белгіленеді.
4. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес тасымалдау шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамауының (тиісінше орындамауының) нәтижесінде үшінші тұлғаларға келтірілген залалдарды өтеу жөніндегі Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) міндетінің туындауы, Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) зиянды өтеу туралы негізделген талап қоюды немесе негізделген талап-



арызды алуы не Сақтанушыдан залал сомасын өндіріп алу туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі шартымен сақтандыру жағдайы деп танылады.

5. Осы баптың 2 және 4-тармақтарында көрсетілген шарттар болмаған кезде, Сақтанушының үшінші тұлғаларға өзінің шарттық міндеттемелерін орындамауының (тиісінше орындамауының) нәтижесінде келтірілген залалдарды өтеу жөніндегі міндетінің туындауы осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес сақтандыру жағдайы деп танылмайды.
6. Зиянның туындау себептері қасақана сипатта болмауға тиіс.

5-бап. Сақтандыру жағдайларынан алып тастаулар және сақтандыруды шектеу

1. Мыналардың салдарынан туындаған азаматтық-құқықтық жауапкершілік сақтандыру жағдайы болып табылмайды:
 - 1) соғыс; басып кіру; шет мемлекеттің дұшпандық әрекеттері; әскери немесе соған ұқсас операциялар (соғыс жарияланғанына не жарияланбағанына қарамастан) немесе азаматтық соғыс;
 - 2) бүлік; ереуіл; локауттар; көлемі жағынан халықтық көтеріліске ұласатын немесе соған дейін ұлғаятын азаматтық тәртіпсіздіктер; бүлік; азаматтық толқулар; әскери бүлік; революция; әскери басып алу немесе билікті басып алу; мүлікті тәркілеу; реквизициялау немесе мемлекет меншігіне алу; террористік актілер;
 - 3) радиоактивті сәулелену немесе атомдық отынды жағудан шыққан радиоактивті отынмен немесе радиоактивті қалдықтармен ластану;
 - 4) еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекеттері;
 - 5) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) не басқа мүдделі тараптың, оның жұмыскерлерінің, агенттерінің немесе мүлік сеніп тапсырылуы мүмкін кез келген тұлғалардың адал емес әрекеті немесе кез келген арам әрекеті;
 - 6) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) немесе өзге мүдделі тұлғалардың не олардың жұмыскерлерінің қасақана әрекеттері;
 - 7) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) оның тасымалдаушы ретінде қызметті жүзеге асыруға лицензиясында көрсетілмеген қызметі;
 - 8) лицензиясы зиян келтіру сәтінде күшін жойған, кері қайтарып алынған немесе тоқтатыла тұрған Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) зиян келтіруі;
 - 9) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) төлем қабілетсіздігі немесе банкроттығы;
 - 10) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) сақтандыру оқиғасымен тікелей себептік байланыста болатын қылмысты жасауы;
 - 11) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) алкогольдік, уытқұмарлық немесе есірткілік масаң күйдегі әрекеттері (әрекетсіздігі), сондай-ақ ол өз әрекеттерінің мәнін түсіне алмайтын немесе оларды басқара алмайтын күйдегі әрекеттері;
 - 12) тасымалданатын мүлікті жөнелтуші немесе алушы немесе олардың атынан әрекет ететін басқа тұлғалар тарапынан жіберілген бұзушылықтар немесе олқылықтар;
 - 13) тасымалданатын мүліктің жеткіліксіз немесе дұрыс емес қапталуы немесе таңбалануы;
 - 14) жүк жөнелтушінің немесе кеден органдарының сыртқы қаптамасының бүтіндігі және пломбалары бұзылмаған кезде жүктің жетіспеуі;
 - 15) жөнелтуші, алушы немесе олардың атынан әрекет ететін кез келген басқа тұлға орындаған тасымалданатын мүлікті шамадан тыс тиеу, тиеу, орналастыру немесе түсіру;
 - 16) тасымалданатын мүлікке тән ақау немесе тасымалданатын мүліктің табиғи қасиеттері;
 - 17) Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға) рейске шыққанға дейін белгілі болған тасымалдау құралының рейсті орындай алмауы және (немесе) тасымалдау шарты негізінде жүзеге асырылатын тасымалдауды орындауға тасымалдау құралының жарамсыздығы;
 - 18) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) контрабандалық немесе өзге де заңсыз операцияларға қатысуы;
 - 19) үшінші тұлғалардың мінез-құлық нормаларын бұзуы және қауіпсіздік техникасын сақтамауы;
 - 20) көлік құралын техникалық қызмет көрсету регламентінің немесе пайдалану қағидаларының талаптарынан ауытқумен пайдалану немесе пайдалану ресурстары өтіп кеткен көлік құралын пайдалану (соңғысы – авиа және теңіз тасымалдаушысы үшін);
 - 21) техникалық байқаудан өтпеген немесе ақаулы күйдегі көлік құралын пайдалану;
 - 22) жүктің бүлінген күйде жөнелтілуі;



- 23) тасымалданатын жүк бағасының төмендеуі;
- 24) тиісті құжаттармен ресімделмеген және расталмаған тасымалдау кезінде зиян келтіру;
- 25) мынадай жүктерді тасымалдау кезінде зиян келтіру:
 - а) қымбат бағалы металдардың құймалары және олардан жасалған бұйымдар;
 - б) асыл тастар мен зергерлік бұйымдар;
 - в) банкноттар, тиындар, жол және банк чектері, облигациялар, төлем құралдары және өзге түрдегі бағалы қағаздар;
 - г) өнер туындылары;
 - д) асыл тұқымды жануарлар;
- 26) тікелей немесе жанама байланысты зиян келтіру:
 - а) шумен (адам құлағы қабылдайтын немесе қабылдамайтын), дірілмен, дыбыстық соққымен немесе ұқсас сипаттағы басқа да құбылыстармен;
 - б) электрлік немесе электромагниттік кедергілермен.
2. Сақтандыру жағдайларынан алып тастаулардың нақты тізбесі Сақтандыру шартында тараптардың келісімі бойынша айқындалады.
3. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес залалдар деп үшінші тұлға өндірген немесе өндіруге тиіс шығыстар, мүліктің жоғалуы немесе бүлінуі (нақты залал) түсініледі.
4. Сақтандыру қорғанысы тек нақты залал үшін жауапкершілікке ғана таралады.
5. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандырушы мыналар үшін сақтандыру төлемін жүргізбейді:
 - 1) Сақтанушының немесе үшінші тұлғаның жанама коммерциялық шығындары, айыппұлдар, өсімпұл және т.б.;
 - 2) жіберіп алынған пайда түріндегі залалдар, яғни егер оның құқығы бұзылмағанда үшінші тұлға айналымның әдеттегі жағдайларында алатын алынбаған кірістер;
 - 3) моральдық зиян;
 - 4) сот және сараптамалық шығындар, бұған осы шығындар Сақтандырушы өтейтін залалдарды болғызбау немесе азайту мақсатында жұмсалған жағдайлар кірмейді.

6-бап. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі

1. Сақтандыру сомасы – оның шегінде Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенетін және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.
2. Сақтандыру сомасы тараптардың келісімімен белгіленеді.
3. Сақтандыру шартында мыналар белгіленуі мүмкін:
 - 1) жиынтық шекті жауапкершілік көлемі, - бұл жағдайда Сақтандыру шартының бүкіл қолданылу кезеңі ішінде барлық сақтандыру жағдайлары бойынша барлық сақтандыру төлемдерінің сомасы осы көлемнен аспауға тиіс;
 - 2) әрбір сақтандыру жағдайы бойынша шекті жауапкершілік көлемі;
 - 3) бір немесе бірнеше сақтандыру жағдайлары бойынша жиынтықта бір немесе бірнеше тұлғаға қатысты өмірге, денсаулыққа зиян келтіру үшін шекті жауапкершілік көлемі;
 - 4) бір немесе бірнеше сақтандыру жағдайлары бойынша жиынтықта әрбір, бір немесе бірнеше тұлғаның мүлкіне залал келтіру үшін шекті жауапкершілік көлемі;
 - 5) бір немесе барлық сақтандыру жағдайлары бойынша әрбір сақтандыру тәуекелі бойынша шекті жауапкершілік көлемі.

7-бап. Сақтандыру сыйлықақысы

1. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтандыру шартымен белгіленеді және Сақтандырушының Сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесін қабылдағаны үшін Сақтанушының Сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасын білдіреді.
2. Сақтандыру шартында жалпы сақтандыру сыйлықақысы белгіленеді. Сондай-ақ Сақтандыру шартында сақтандыру сомасы мен сақтандыру тарифі негізге алына отырып, әрбір объект және әрбір сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру сыйлықақысы белгіленуі мүмкін.



3. Сақтандырушы төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау кезінде тәуекел факторларына: көлік құралының түріне, көлік құралының класына, көлік құралы шығарылған жылға, көлік құралын пайдалану аумағына, көлік құралымен тасымалданатын жолаушылардың, жүктердің санына және т.б. байланысты айқындалатын арттырушы және төмендетуші коэффициенттерді пайдалануға құқылы.
4. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушы тарапынан біржолғы тәртіппен немесе кезеңдік сақтандыру жарналары түрінде бөліп төлеумен, қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз нысанда төленуге жатады.
5. Сақтанушы Сақтандыру шартында келісілген мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлемеген жағдайда, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) төленбеген күннен бастап Сақтандыру шартының қолданылуын тоқтата тұруға немесе оны біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.
6. Егер сақтандыру жағдайы мерзімі өткізіліп төленбеген белгілі бір сақтандыру жарнасын (сақтандыру сыйлықақысын) төлеуге дейін басталса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде төленбеген сақтандыру жарнасының (сақтандыру сыйлықақысының) сомасын есепке жатқызуға құқылы.
7. Егер Сақтандыру шартының қолданылуы Сақтанушының кезекті бөліктегі сақтандыру сыйлықақысын төлемеуіне байланысты тоқтатыла тұрған болса, Сақтандыру шарты қайта жаңартылуы мүмкін. Бұл ретте Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ұзартылмайды. Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша оны тоқтата тұрған сәттен бастап оны қайта жаңартқан сәтке дейінгі кезеңде жауапты болмайды, және осы кезеңде болған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

8-бап. Франшиза

1. Франшиза — сақтандыру талаптарында көзделген, белгілі бір мөлшерден аспайтын зиянды өтеуден Сақтандырушыны босату.
2. Сақтандыру шартында тараптардың келісімі бойынша шартсыз (шегерілетін) немесе шартты (шегерілмейтін) франшиза көзделуі мүмкін.
3. Франшиза мөлшері Сақтандыру шартында көрсетіледі:
 - 1) шартсыз франшиза кезінде зиян барлық жағдайларда белгіленген соманы шегере отырып өтеледі;
 - 2) шартты франшиза кезінде Сақтандырушы белгіленген франшиза мөлшерінен аспайтын зиянды өтеуден босатылады, бірақ егер оның мөлшері осы сомадан үлкен болса, зиянды толық өтеуге тиіс.
4. Франшиза сақтандыру сомасынан пайызбен де, тіркелген сома түрінде де белгіленуі мүмкін. Франшиза мөлшері тараптардың келісімімен белгіленеді және әрбір нақты жағдай үшін жеке көрсетіледі.

9-бап. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

1. Сақтандыру шарты белгіленген нысандағы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде жасалады.
2. Егер Сақтандыру шарты белгіленген нысандағы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде жасалса, аталған өтініш Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.
3. Сақтандырушы өтініштің нысанын және сұратылатын мәліметтерді өзгертуге құқылы.
4. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан болатын ықтимал залалдар мөлшерін (сақтандыру тәуекелін) айқындау үшін елеулі мәні бар, Сақтанушыға белгілі мән-жайларды хабарлауға міндетті.
5. Сақтанушы сақтандырылатын тәуекелге қатысты сақтандыру тәуекелін айқындау мақсатында Сақтандырушы қойған сұрақтарға да жауап беруге міндетті.
6. Егер Сақтандыру шартын жасасқаннан кейін Сақтанушының осы баптың 4-тармағында көрсетілген мән-жайлар туралы Сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтер хабарлағаны анықталса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.
7. Егер Сақтанушы жасырған мән-жайлар енді жойылып кетсе, Сақтандырушы Сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.



8. Сақтандыру шарты тараптардың бір құжат жасау жолымен немесе Сақтанушының Сақтандырушы біржақты тәртіппен әзірлеген үлгілік талаптарға (осы Сақтандыру ережелеріне) қосылуы (қосылу шарты) және Сақтандырушының Сақтанушыға белгіленген нысандағы сақтандыру полисін беруі (№1 Қосымша) арқылы жазбаша нысанда жасалады.
9. Сақтандыру шарты мыналарды қамтуға тиіс:
 - 1) Сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері;
 - 2) Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және тұрғылықты жері (егер ол жеке тұлға болса) немесе атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері (егер ол заңды тұлға болса); сақтандыру агентінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), байланыс телефоны және жеке сәйкестендіру нөмірі (егер ол Қазақстан Республикасының резиденті жеке тұлға болса) немесе атауы, орналасқан жері, байланыс телефоны және бизнес-сәйкестендіру нөмірі (егер ол Қазақстан Республикасының резиденті заңды тұлға болса);
 - 3) сақтандыру объектісін көрсету;
 - 4) сақтандыру жағдайын көрсету;
 - 5) сақтандыру сомасының мөлшері, сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері;
 - 6) сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдері; сақтандыру агентіне тиесілі комиссиялық сыйақының болуы немесе болмауы туралы көрсету;
 - 7) Сақтандыру полисінің және сақтандыру қорғанысының жасалған күні, қолданылу мерзімі;
 - 8) егер олар сақтандыру қатынасының қатысушылары болса, Сақтандырылған тұлға мен Пайда алушы туралы көрсету;
 - 9) Сақтандыру полисінің нөмірі, сериясы;
 - 10) Сақтандыру полисінің талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі; мүлктік сақтандыру шарты қолданылатын кезеңде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін, Сақтандырушыға Шартты жасасу кезінде хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға дереу хабарлау Сақтанушының міндеті (ҚР АҚ 834-бабының 1-тармағы);
 - 11) сақтандыру сомасының, сақтандыру төлемінің және сақтандыру сыйлықақысының валютасының түрі;
 - 12) Сақтанушының сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету;
 - 13) егер Сақтандырылған тұлға (Пайда алушы) Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы болып табылмаса, Сақтандыру шартында Сақтандырылған тұлға (Пайда алушы) көрсетілген жағдайда оның сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету.
10. Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде Сақтандыру шартының Көшірмесін береді, содан кейін жоғалған Сақтандыру шарты жарамсыз деп есептеледі және ол бойынша сақтандыру төлемі жүргізілмейді.
11. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында мынадай мәселелер бойынша келісімге қол жеткізілуге тиіс:
 - 1) сақтандыру объектісі болып табылатын белгілі бір мүлік не өзге де мүлктік мүдде туралы;
 - 2) басталған жағдайда сақтандыру жүзеге асырылатын оқиғаның сипаты туралы (сақтандыру жағдайы);
 - 3) сақтандыру сомасының мөлшері туралы;
 - 4) Шарттың қолданылу мерзімі туралы.

10-бап. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны

1. Сақтандыру шарты, егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын, ал оны бөліп төлеген кезде – бірінші сақтандыру жарнасын төлеген кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.
2. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шарты бірінші басталған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылған сәттен бастап өзінің қолданылуын тоқтатады.
3. Сақтандыру шарты бір жылдан аз мерзімге жасалған кезде сақтандыру сыйлықақысы жылдық сыйлықақының мынадай мөлшерлерінде белгіленеді (толық емес ай толық ай болып есептеледі):



Мерзімі	1 ай және одан аз	2 ай	3 ай	4 ай	5 ай	6 ай	7 ай	8 ай	9 ай	10 ай	11 ай
Жылдық сақтандыру сыйлықақысынан %	20	25	40	50	60	70	75	80	85	90	95

4. Бір жылдан астам мерзімге сақтандырған кезде Сақтандыру шарты бойынша жалпы сақтандыру сыйлықақысы әрбір жылға арналған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы ретінде белгіленеді. Бұл ретте, толық емес жыл үшін сақтандыру сыйлықақысы мынадай формула бойынша есептеледі: $T_{сыйл.емес.} = CT \times (A/12)$, мұнда: $T_{сыйл.емес.}$ – толық емес жыл үшін сақтандыру сыйлықақысы (бір жылдан астам сақтандырған кезде); CT – Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру тарифі; A – толық емес жылдағы сақтандыру қорғанысының айлар саны.
5. Сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағына таралады. Сақтандырушымен келісім бойынша Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысы ТМД елдерінің және алыс шетелдердің аумақтарында да берілуі мүмкін.
6. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі Сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

11-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері. Жәбірленушінің құқықтары

1. Сақтанушының құқығы бар:
 - 1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі және қаржылық тұрақтылығы туралы ақпарат талап етуге;
 - 2) егер ол Сақтандырушының жазбаша келісімімен үшінші тұлғалардың талаптарын өзі реттеген болса, Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасы (жауапкершіліктің шекті көлемі) мөлшері шегінде шығындардың өтелуіне;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға.
2. Сақтанушы міндетті:
 - 1) Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау және Сақтандырушының Сақтандыру шартын жасасу туралы шешім қабылдауы үшін елеулі мәні бар, өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға;
 - 2) басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалып жатқан азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттарының барлығы туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға;
 - 3) жолаушылар мен жүктерді тасымалдаудың нормативтік актілермен белгіленген қағидалары мен нормаларын сақтауға;
 - 4) сақтандыру сыйлықақысын Сақтандыру шартында айқындалған мөлшерлерде және тәртіппен төлеуге;
 - 5) осы Сақтандыру ережелерінің талаптарын өз жұмыскерлеріне жеткізуге;
 - 6) осы Сақтандыру ережелерінің талаптарын орындауға (Сақтанушының жұмыскерлерінің Сақтандыру ережелерін бұзуы Сақтанушының өзі Сақтандыру ережелерін бұзуы ретінде бағаланады);
 - 7) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған кезде осы Сақтандыру ережелерінің 13-бабының 2-тармағында көрсетілген қажетті әрекеттерді жасауға;
 - 8) өзіне белгілі болған күннен бастап дереу, бірақ 3 (Үш) күннен кешіктірмей (мереке және демалыс күндерін қоспағанда), зиян келтіру фактісі бойынша құзыретті органдар әрекеттерінің басталғаны туралы (тергеп-тексеру, қылмыстық істі қозғау, сотқа шақыру және т.б.), сондай-ақ үшінші тұлғалардың барлық қойылған талаптары, талап-арыз беру және т.б. туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
 - 9) егер Сақтанушыда немесе Сақтандырылған тұлғада бұл үшін негіздер болса, қойылатын талаптардың мөлшерін азайту бойынша барлық қолжетімді шараларды қабылдауға;
 - 10) Сақтандыру шартының талаптары және сақтандыру сыйлықақылары мен төлемдерінің мөлшері туралы құпиялылықты сақтауға;
 - 11) Сақтандырушыны сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы хабардар етуге;
 - 12) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етуге;
 - 13) сақтандыру жағдайынан болатын залалды азайту жөнінде шаралар қабылдауға;



- 14) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап ету құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге;
- 15) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруді қоса алғанда, жинауына және өңдеуіне келісімін растайды. Дербес деректерді сақтау мерзімін Сақтандырушы дербес деректерді әрі қарай сақтауға қажеттілік жойылғанға дейін айқындайды және ол 10 жылды құрайды. Дербес деректерді пайдалану Қоғамның не үшінші тұлғаның Шарттың және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауы, сондай-ақ тұтастай алғанда Қоғам қызметінің мақсаттарын іске асыру мақсатында жүзеге асырылады.
- 16) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға, соның ішінде осындай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімін растайды.
- 17) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғадан (Пайда алушыдан) Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін өңдеуіне, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге келісімді, сондай-ақ дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға, соның ішінде осындай деректерді үшінші тұлғаларға беруге жазбаша келісімді талап етуге міндетті.
- 18) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін өңдеуіне, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге және дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға, соның ішінде мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімінің болмауы үшін жауапты болады.
- 19) Деректерді жинауға және өңдеуге келісім мыналарды қамтиды: атауы (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі); субъектінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе); дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім қолданылатын мерзім немесе кезең; оператордың дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігінің болуы немесе болмауы туралы мәліметтер; оларды өңдеу процесінде дербес деректердің трансшекаралық берілуінің болуы немесе болмауы туралы мәліметтер; дербес деректерді жалпыға қолжетімді көздерде тарату туралы мәліметтер; дербес деректер субъектісіне қатысты жиналатын деректердің тізбесі.
- 14)20) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырушының не үшінші тұлғаның жалпыға қолжетімді көздерде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда, әлеуметтік желілерде, Интернет-ресурстарда, Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының мобильдік қосымшаларында, сондай-ақ олардың серіктестерінің Интернет-ресурстарында, мобильдік қосымшаларында, әлеуметтік желілерінде сақталатын Сақтанушының дербес деректерін жинауына және өңдеуіне келісімін растайды.
3. Сақтандырушының құқығы бар:
 - 1) өзіне ұсынылатын ақпарат пен құжаттарды тексеруге;
 - 2) Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушының көлік құралдарын пайдалану және техникалық қызмет көрсету, жолаушылар мен жүктерді тасымалдау қағидаларын сақтауын тексеруге;
 - 3) бүлінген мүлікті қарауға қатысуға;
 - 4) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын дербес айқындауға, оның ішінде құзыретті органдарға сұрау салулар жіберуге;
 - 5) Сақтанушыдан немесе Сақтандырылған тұлғадан сақтандыру жағдайының фактісін, оның туындау мән-жайларын анықтау үшін қажетті ақпаратты талап етуге;
 - 6) сотта «Өз бетінше талаптар мәлімдемейтін үшінші тұлға» ретінде қатысуға;
 - 7) заңда белгіленген тәртіппен Сақтанушыға немесе Сақтандырылған тұлғаға қойылатын талаптардың мөлшеріне дау айтуға;



- 8) осы Сақтандыру ережелерінің 5-бабының 1-тармағы негізінде оқиға сақтандыру жағдайы деп танылмаған жағдайда не осы Сақтандыру ережелерінің 17-бабы 6-тармағында көзделген жағдайларда, бұл туралы Сақтанушыны және жәбірленушіні жазбаша хабардар ете отырып, сақтандыру төлемінен бас тартуға;
- 9) Сақтанушы басталған сақтандыру жағдайы туралы 3 күндік мерзімде (мереке және демалыс күндерін қоспағанда) хабарламаған немесе жәбірленген мүлікті қарауға кедергі келтірген жағдайда сақтандыру төлемінен бас тартуға;
- 10) тәуекел дәрежесі ұлғайған жағдайда Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді немесе тәуекелдің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға.
4. Сақтандырушы міндетті:
 - 1) Сақтанушыны осы Сақтандыру ережелерімен таныстыруға;
 - 2) оқиғаны сақтандыру жағдайы деп тану және сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдау үшін ұсынылуы қажет құжаттардың тізбесін хабарлауға;
 - 3) сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;
 - 4) сақтандыру жағдайы кезінде залалды азайту үшін жұмсаған шығыстарын Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға) өтеуге;
 - 5) оқиғаның сақтандыру жағдайы деп танылмағаны немесе сақтандыру төлемінің мөлшерін азайту туралы шешім қабылданғаны туралы Сақтанушыны және жәбірленушіні жазбаша хабардар етуге;
 - 6) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
 - 7) мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға:
 - Сақтанушының/ Сақтандырылған тұлғаның/ Пайда алушының Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты тұлғалар мен ұйымдар тізбесінде (бұдан әрі – ҚМА тізбесі), сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты тұлғалар тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша – ЖКҚТҚ тізбесі) болуы;
 - Сақтанушының / Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушының тиісті тексеру жүргізуі үшін сұратуы бойынша құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;
 - ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операция ақша жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалып отыр деп болжауға негіздер болған кезде.
5. Осы бөлімдегі тараптардың құқықтары мен міндеттерінің тізбесі толық болып табылмайды, тараптардың жекелеген міндеттері осы Сақтандыру ережелерінің басқа бөлімдерінде көзделген және Сақтандыру шартында кеңейтілуі мүмкін.
6. Жәбірленушінің құқығы бар:
 - 1) Сақтандырушыға Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) нәтижесінде өзіне зиян келтірілген оқиға туралы хабарлауға;
 - 2) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) орнына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауды жүргізуге және оларды Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) Сақтандыру шартын жасасқан Сақтандырушыға ұсынуға;
 - 3) денсаулыққа және (немесе) мүлікке келтірілген зиян мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшының қызметтерін пайдалануға;
 - 4) келтірілген зиян мөлшерін бағалау нәтижелерімен және Сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген сақтандыру төлемі мөлшерінің есептеулерімен танысуға;
 - 5) сақтандыру төлемін алуға;
 - 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешіміне дау айтуға.

12-бап. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюының салдары

1. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) Сақтандырушыға Сақтандыру шартын жасасу кезінде хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі



болған, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, елеулі өзгерістер туралы дереу жазбаша хабарлауға міндетті.

2. Елеулі өзгерістерге мыналар жатуы мүмкін:
 - 1) сақтандыру аумағының өзгеруі;
 - 2) жүк санатының өзгеруі;
 - 3) тасымалданатын жолаушылардың (жүктердің) санының өзгеруі;
 - 4) көлік құралының түрінің (класының) өзгеруі;
 - 5) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) қызмет түрінің өзгеруі.
- Сақтандыру шартында сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер ететін басқа да елеулі өзгерістер көрсетілуі мүмкін.
3. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген Сақтандырушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.
 4. Егер Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте Сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысын қайтару тәртібі Сақтандыру шартында белгіленеді.
 5. Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға осы баптың 1-тармағында көзделген міндетті орындамаған жағдайда, Сақтандырушы Шартты бұзуды және Шартты бұзудан келтірілген залалдардың өтелуін талап етуге құқылы.
 6. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар жойылып кетсе, Сақтандырушы Шартты бұзуды талап етуге құқылы емес.

13-бап. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушының әрекеттері

1. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ онымен келтірілген залалдарды дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі.
2. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе салдары сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиға басталған кезде, оның ішінде үшінші тұлғалар тарапынан талаптар (талап-арыз) қойылған кезде, Сақтанушы міндетті:
 - 1) қойылатын талаптарға себеп болуы мүмкін оқиғамен байланысты залалдарды азайту үшін қалыптасқан жағдайда қисынды және қолжетімді шараларды дереу қабылдауға;
 - 2) оқиғаны тиісті мемлекеттік не ведомстволық органдарда құжатпен ресімдеуді қамтамасыз етуге;
 - 3) білген сағаттан бастап есептегенде 3 (Үш) күн ішінде (мереке және демалыс күндерін қоспағанда), сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе салдары сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиға туралы (үшінші тұлғалардың талаптары, сотқа шақыру, талап-арыз және т.б. туралы) Сақтандырушыны немесе оның уәкілетті өкілін жазбаша хабардар етуге және істің барлық мән-жайларына қатысты, атап айтқанда осы оқиғаға байланысты алынған ақпаратпен, құжаттармен, соның ішінде оқиғаға тартылған барлық тұлғалардың, оның ішінде талап қоюшылардың есімдерін, атауларын және мекенжайларын қоса алғанда, Сақтандырушыны барлық қажетті ақпаратпен және құжаттамамен қамтамасыз етуге;
 - 4) Сақтанушы үшінші тұлғалардан өзінің шарттық міндеттемелерін орындамауы (тиісінше орындамауы) нәтижесінде келтірілген залалдардың өтелуі туралы талаптарды алған кезде, талаптың негізділігі немесе негізсіздігі туралы қорытынды жасап, талапты, қорытындыны және растайтын құжаттарды Сақтандырушыға ұсынуға;
 - 5) Сақтандырушы талапты негізсіз деп таныған жағдайда, Сақтандырушының қатысуымен үшінші тұлғаның талабына қарсылық дайындап, жіберуге;
 - 6) дауды сот тәртібімен реттеу кезінде Сақтандырушының сот шешім шығарғанға дейін іске «Өз бетінше талаптар мәлімдемейтін үшінші тұлға» ретінде кіру құқығына кедергі жасамауға, сондай-ақ Сақтандырушыны сот ісіне «Өз бетінше талаптар мәлімдемейтін үшінші тұлға» ретінде тарту туралы сот алдында өтініш жасауға;
 - 7) сот талқылауына дейін және оның барысында сақтандыру объектісіне қатысты қаралып отырған істің мәні бойынша Сақтандырушымен алдын ала келіспей қандай да бір әрекеттер жасамауға, мәлімдемелер жасамауға.



3. Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу, егер Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақтылы білгені не Сақтандырушыда бұл туралы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер ете алмайтыны дәлелденбесе, оған сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді. Сондай-ақ Сақтандырушы сақтандыру оқиғасы бойынша құзыретті органдардың қорытындысы болмаған жағдайда (құқық қорғау органдары, өрт қауіпсіздігі органдары, санитариялық-эпидемиологиялық станция, авариялық қызметтер, экологиялық қызметтер, Төтенше жағдайлар министрлігі және т.б.) сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.
4. Сақтанушы Сақтандырушыға оның сұратуы бойынша сақтандыру жағдайына байланысты мәліметтерді, соның ішінде коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді беруге міндетті.
5. Сақтанушы Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған әрекеттерді жасамауға, сондай-ақ Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз қандай да бір міндеттемелерді қабылдамауға, жауапкершілікті мойындамауға, қандай да бір ұсыныстарды қабылдамауға, осы сақтандыру жағдайына қатысы бар қандай да бір төлемдер жасамауға және оларды жасауға уәде бермеуге міндетті.
6. Сақтанушы (Сақтандырушының талабы бойынша) сотқа дейінгі және сот тәртібімен талаптарды реттеу кезінде Сақтанушының өкілеттіктерін Сақтандырушыға беруге міндетті.
7. Сақтандырушы Сақтанушының құқықтарын қорғауды өз мойнына алуға және Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауға (тиісінше орындамауға) байланысты үшінші тұлғалардың талаптарына қатысты дауды реттеу бойынша барлық істерді жүргізуге, сондай-ақ сотта Сақтанушының атынан сөйлеуге құқылы.

14-бап. Сақтандыру жағдайының басталғанын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі

1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтанушы, Сақтандырылған тұлға не жәбірленуші жазбаша нысанда тиісті талапты негіздейтін құжаттарды қоса бере отырып ұсынады.
2. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі (түпнұсқалар немесе куәландырылған көшірмелер):
 - 1) Сақтандыру шарты/сақтандыру полисі;
 - 2) сақтандыру компаниясындағы істерді жүргізу құқығына берілген сенімхат (заңды тұлға үшін);
 - 3) көлік құралын тіркеу туралы куәлік;
 - 4) талап қою құжаттарының толық жиынтығы:
 - а) тасымалдаушыға қойылатын талаптарды негіздеу үшін талап қоюшыдан алынған талаптар, оның ішінде:
 - жүк алушының немесе оның өкілінің жүктің жетіспеуі немесе бүлінуі туралы белгілері бар автомобиль жүкқұжаттары немесе басқа тасымалдау құжаттары;
 - фактуралар мен шоттар;
 - қаптама ведомостері;
 - оқиға болған немесе жүкті куәландыру орны елінің заңдарына, практикасына немесе әдет-ғұрыптарына сәйкес жүктің жетіспеуін анықтау немесе оның бүлінуін бағалау мақсатында тәуелсіз мамандандырылған ұйымдар жасайтын жүкті қарау актілері (авариялық сертификаттар), сараптама актілері;
 - б) залалдарды өтеуді талап ететін тараптың тасымалдаушыға мәлімдейтін залал есебі;
 - б) оқиға түріне қарай алу және ұсыну тасымалдаушының міндеті болып табылатын құжаттар жиынтығы, оның ішінде:
 - жол-көлік оқиғасы болған жағдайда жол полициясының хаттамасы;
 - жүкті тасымалдау кезінде жүк ұрлау немесе өзге қылмыстық сипаттағы оқиғалар фактісі бойынша тасымалдаушының бұл органдарға жүгінгенін растайтын милиция немесе полиция органдарының анықтамасы немесе ұрлық не басқа қылмыстық оқиға фактісі бойынша қылмыстық істің қозғалғанын растайтын құқық қорғау органдарының анықтамасы;
 - жүргізушінің оқиға туралы жазбаша түсініктемесі;
 - Сақтанушы залалдарды болғызбау немесе азайту мақсатында жұмсаған шығыстарға арналған ақтайтын құжаттар;
 - талап қоюшылармен хат алмасу көшірмелері;



- 5) уақытша еңбекке жарамсыздық мерзімі туралы медициналық мекемелердің анықтамасы немесе мүгедектік белгіленген жағдайда мамандандырылған мекемелердің анықтамасы;
- 6) қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі (көлік оқиғасы кезінде қаза тапқандар немесе осы оқиғаның салдарынан қайтыс болғандар үшін);
- 7) тергеу және сот органдары құжаттарының көшірмелері (егер ондайлар болса);
- 8) Сақтанушыға үшінші тұлғалардың немесе олардың құқық мирасқорларының жазбаша талабы (Талап-арызы), оған Сақтанушының талаптың негізділігі немесе негізсіздігі туралы қорытындысы және Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттар қоса беріледі;
- 9) Сақтанушыдан үшінші тұлғалардың пайдасына Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау (тиісінше орындамау) нәтижесінде келтірілген залалдар сомасын өндіріп алу туралы сот органдарының шешімі (немесе оның көшірмесі).
3. Сақтанушы құжаттардың толық емес пакетін ұсынған жағдайда, Сақтандырушы бұл туралы Сақтанушыға соңғы құжатты алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде хабарлайды.

15-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары

1. Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жазбаша хабарламаны алғаннан кейін Сақтандырушы мынадай әрекеттерді жүзеге асырады:
 - 1) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталу фактісін анықтайды; Сақтанушының өтінішінде келтірілген мәліметтердің сәйкестігін тексереді; залалдардың туындауына себеп болған оқиғаның фактісін және себептерін анықтайды; сарапшыларды, авариялық комиссарларды тарту қажеттігін айқындайды, өзге де әрекеттерді жүзеге асырады;
 - 2) Сақтанушы талапты, талаптың негізділігі туралы Сақтанушының қорытындысын және үшінші тұлғалардың талаптарының негізділігін растайтын құжаттарды ұсынған кезде – талапты және құжаттарды зерттеуді жүргізеді;
 - 3) талап негізсіз деп танылған жағдайда Сақтанушыға үшінші тұлғалардың талабы бойынша қарсылық дайындауда жәрдем көрсетеді;
 - 4) сот талқылауы болған жағдайда сотта «Өз бетінше талап қоймайтын үшінші тұлға» ретінде не «Сақтанушының өкілі» ретінде қатысады;
 - 5) оқиға сақтандыру жағдайы деп танылған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындайды, сақтандыру жағдайы туралы акт жасайды.
2. Сақтандыру төлемі Сақтандырушы тарапынан Сақтанушының төлем туралы жазбаша өтініші және сақтандыру жағдайы туралы акт негізінде жүргізіледі. Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз Сақтанушы болашақтағы сақтандыру төлемдерінің есебіне жүргізген төлемдер назарға алынбайды.
3. Сақтандыру жағдайы туралы актіні Сақтандырушы немесе ол уәкілеттік берген тұлға жасайды. Қажет болған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру жағдайының себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға құқылы.

16-бап. Залал мөлшерін және сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау

1. «Үшінші тұлғалардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру» сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру төлемі жәбірленушіге (ол қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты зиянды өтеуге құқығы бар тұлғаға) немесе Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға), олар жәбірленушіге (зиянның өтелуіне құқығы бар тұлғаға) зиянды өтеген жағдайда, жүргізіледі.
2. «Үшінші тұлғалардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру» тәуекелі бойынша сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде мыналар назарға алынады:
 - 1) жәбірленушінің мертігуі немесе денсаулығына өзге де зиян келтірілуі нәтижесінде еңбекке қабілеттілігін жоғалтуының немесе оның азаюының салдарынан еңбекке жарамсыздықтың бүкіл кезеңі үшін айрылған табысы;
 - 2) денсаулықты қалпына келтіру үшін, бөгде адамның күтімі үшін қажетті қосымша шығыстар. Протездеу, ақылы медициналық қызмет көрсетуге шығыстар, егер жәбірленушінің осы қызметтерді тегін алуға құқығы болмаса;
 - 3) жәбірленуші қайтыс болған жағдайда оның асырауында болған тұлғалар айрылған табыстың бөлігі;



- 4) жерлеуге арналған шығыстар.
3. Үшінші тұлғалардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемінің мөлшері мынадай тәсілдердің бірімен айқындалады:
 - 1) тараптардың келісімі бойынша;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес;
 - 3) сот шешімімен Сақтанушыға жүктелген сомалар негізінде.
4. Бүлінген мүлікке келтірілген залалдардың мөлшері:
 - 1) Сақтандырушының калькуляциясы негізінде; және/немесе
 - 2) Сақтандырушы тағайындаған авариялық комиссардың (сюрвейердің) қорытындысы негізінде; және/немесе
 - 3) бүлінген мүлікті нақты жүргізілген жөндеу үшін шоттар негізінде айқындалады.
5. Үшінші тұлғалардың мүлкіне келтірілген залал мөлшерін айқындаудың нақты тәсілі олармен келісім бойынша белгіленеді.
6. Тараптар арасында залалдың себептері мен мөлшері туралы даулар туындаған жағдайда, тараптардың әрқайсысы сараптама жүргізуді талап етуге құқылы. Сараптама оны жүргізуді талап еткен тараптың есебінен жүргізіледі.
7. Ауыстыруды талап ететін бөлшектер мен тараптардың құны, бүлінген бөлшектер мен тараптарды ауыстыру және жөндеу жұмыстарының құны, шығыс материалдарының құны өтелуге жатады. Бүлінуі сақтандыру жағдайынан туындаған тараптар мен бөлшектерді ауыстыру және жөндеу құны ғана өтелуге жатады. Бұл ретте мүліктің бүлінген бөлшектері мен тараптарын ауыстыру, егер олар қалпына келтіру жөндеуі арқылы одан әрі пайдалануға жарамды күйге келтіріле алмаса не егер бұл жөндеу экономикалық тұрғыдан орынсыз болса, өйткені оның құны ауыстырудың жалпы құнынан (бөлшектердің, шығыс материалдарының және жұмыстардың құнын ескере отырып) асып кетсе, есепке алынады.
8. Калькуляция жасау кезінде бөлшектер мен жұмыстарға орташа қолданыстағы нарықтық бағалар қолданылады.
9. Мыналардың құны калькуляцияға енгізілмейді және өтелуге жатпайды:
 - 1) мүлікке техникалық және кепілдікті қызмет көрсету;
 - 2) мүлікті реконструкциялауға және қайта жабдықтауға, оның жекелеген бөліктерін, бөлшектерін және тараптарын тозуына, техникалық ақауына және т.б. байланысты жөндеуге немесе ауыстыруға байланысты жұмыстар;
 - 3) қажетті қосалқы бөлшектер мен бөлшектердің болмауына байланысты мүлік тараптары мен агрегаттарын тұтас күйінде ауыстыру (жөндеудің орнына).
10. Мүлік толық нақты немесе конструктивтік жойылған жағдайда, сондай-ақ мүлікті қалпына келтіру жөндеуінің құны оның нақты құнының 80%-ынан асқан жағдайда, сақтандыру төлемі үшінші тұлғалардың мүлкіне зиян келтіру тәуекелін сақтандыру үшін айқындалған сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде, қалдықтары Сақтандырушыға берілген жағдайда, тозуын ескере отырып, бүлінген мүліктің нақты құны мөлшерінде жүргізіледі.
11. Сақтандыру төлемін есептеу кезінде қаралып отырған сақтандыру жағдайына тікелей қатысы жоқ жоқ немесе бүлінген бөлшектер мен агрегаттардың құны есепке алынбайды.
12. Сақтандырушы үшінші тұлғаның келісімімен мүлік жойылған жағдайда сақтандыру төлемінің орнына үшінші тұлғаға залалды заттай нысанда өтеуге, яғни жойылған мүліктің орнына ұқсас мүлікті беруге құқылы.
13. Сақтандырушы жүзеге асыратын барлық жәбірленушілердің (үшінші тұлғалардың) өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемінің жалпы мөлшері бір сақтандыру жағдайы үшін Сақтандыру шартында айқындалатын сақтандыру сомасының мөлшерімен шектеледі.
14. Сақтанушының залалды болғызбау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстары, егер мұндай шығыстар қажетті болса немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жұмсалса, тиісті шаралар нәтижесіз болғанның өзінде, Сақтандырушы тарапынан өтелуге жатады.
15. Мұндай шығыстар нақты мөлшерлерде өтеледі, алайда сақтандыру төлемі мен шығыстардың өтемақысының жалпы сомасы Сақтандыру шартында үшінші тұлғалардың мүлкіне зиян келтіру тәуекелі үшін көзделген сақтандыру сомасынан аспайтындай болуы тиіс. Егер шығыстар



Сақтандырушының нұсқауларын орындау нәтижесінде туындаса, олар сақтандыру сомасына қарамастан толық мөлшерде өтеледі.

16. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) ықтимал залалдарды азайту үшін өзіне қолжетімді қисынды және мүмкін шараларды қасақана қабылдамағандықтан туындаған залалдар бөлігінде Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

17-бап. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі

1. Сақтандырушы шешім қабылдау үшін барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін он күн мерзімде не тараптардың келісімімен айқындалған мерзімде сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдайды, бұл туралы Сақтанушыға (Пайда алушыға) жазбаша нысанда хабарлайды. Егер Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдаса, ол бас тарту себебін негізді түрде дәлелдейді.
2. Сақтандырушы үшінші тұлғаларға сақтандыру төлемін сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдағаннан кейін он күн мерзімде не тараптардың келісімімен айқындалған мерзімде жүзеге асырады.
3. Егер Сақтандырушының жазбаша келісімі бойынша Сақтанушы жәбірленушіге (үшінші тұлғаға) залалды өзі өтеген болса, сақтандыру төлемі сақтандыру төлемі туралы шешім қабылданған күннен бастап он күн ішінде не тараптардың келісімімен айқындалған мерзімде және үшінші тұлғаның тиісті түрде ресімделген қолхатын немесе залалдың өтелгенін және Сақтанушыға талаптардан бас тартуды куәландыратын басқа құжатты алғаннан кейін Сақтанушыға жүзеге асырылады.
4. Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін Сақтандырушы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес жауапты болады.
5. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына Сақтанушы сотта шағым жасай алады.
6. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мыналар негіз болуы мүмкін:
 - 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;
 - 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан болатын залалды азайту жөніндегі шараларды қасақана қабылдамауы;
 - 3) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруге және өзі келтірген залал мөлшерін анықтауға кедергі келтіруі;
 - 4) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қатысты өзінің талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ талап ету құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы;
 - 5) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) осы Сақтандыру ережелерінің немесе Сақтандыру шартының талаптарын бұзуы.

18-бап. Сақтанушының залалды өтеуге құқықтарының Сақтандырушыға ауысуы (суброгация)

1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға, төленген сома шегінде, сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты тұлғаға қатысты Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) талап ету құқығы ауысады (суброгация). Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және Сақтандырушының өзіне ауысқан талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.
2. Егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) Сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға қатысты өзінің талап ету құқығынан бас тартса немесе бұл құқықты жүзеге асыру Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) кінәсінен мүмкін болмай қалса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.
3. Сақтандыру шартында суброгацияның өзге тәртібі көзделуі мүмкін.



19-бап. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары

1. Егер Сақтандыру шартында өзгеше айқындалмаса, Сақтандыру шарты өзінің қолданылуына мынадай жағдайларда тоқтатады:
 - 1) Сақтандырушының Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) алдындағы Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерін толық көлемде орындауы;
 - 2) Сақтандыру шарты қолданылу мерзімінің аяқталуы;
 - 3) егер Сақтандырылған тұлға сақтандыру жарналарын төлеу жөніндегі Сақтанушының міндеттерін өзіне қабылдамаған болса, Сақтанушы болып табылатын заңды тұлғаның таратылуы немесе жеке тұлға болып табылатын Сақтанушының қайтыс болуы;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтандырушының таратылуы;
 - 5) соттың Сақтандыру шартын жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдауы.
 2. Тараптардың Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқығы бар. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, тараптар Сақтандыру шартының қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы бір-бірін Сақтандыру шартын тоқтатудың болжамды күнінен кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге міндетті.
 3. Егер Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын мынадай мән-жайлардың бірі бойынша тоқтатылса:
 - 1) сақтандыру объектісі өмір сүруін тоқтатқан кезде;
 - 2) егер Сақтандырушы Сақтанушыны ауыстыруға қарсы болса, Сақтанушының мүліктік сақтандыру объектісін иеліктен шығаруы;
 - 3) өзінің кәсіпкерлік тәуекелін сақтандырған Сақтанушының кәсіпкерлік қызметті белгіленген тәртіппен тоқтатуы;
 - 4) сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігі жойылған және сақтандыру тәуекелінің өмір сүруі сақтандыру жағдайынан өзге мән-жайлар бойынша тоқтаған кезде;
 - 5) Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі;
 - 6) Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңында көзделген жағдайларда;
 - 7) мынадай жағдайларда:
 - Сақтанушыны, Сақтандырылған тұлғаны және Пайда алушыны тиісті тексеру бойынша шараларды қабылдаудың мүмкін еместігі;
 - іскерлік қатынастар КЖ және ТҚ мақсатында пайдаланылып отыр деп болжауға негіздер болған кезде. Бұл жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыны жазбаша хабардар ету арқылы Шартты бұзады.
- Сақтандыру шарты Сақтандыру шартын тоқтатуға негіз ретінде осы тармақта көзделген көрсетілген мән-жай туындаған сәттен бастап тоқтатылды деп есептеледі, бұл туралы Сақтанушы Сақтандырушыны дереу хабардар етуге міндетті.
4. Осы бөлімнің 3-тармағында көрсетілген оқиғалар басталған кезде Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайлары болмаған жағдайда, Сақтандыру шартын жасасуға байланысты әкімшілік шығыстарды (оған мыналар кіреді: жасалған Сақтандыру шарты бойынша табыс салығы, агенттік сыйақы және осы Сақтандыру шартын сүйемелдейтін менеджерге сыйақы) жалпы сақтандыру сыйлықақысынан 25 % мөлшерінде шегере отырып, сақтандыру қорғанысының пайдаланылмаған кезеңі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтарады.
 5. Егер бұл осы Сақтандыру ережелері бөлімінің 3-тармағында және ҚР АҚ 841-бабының 1-тармағында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, жасалған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Сақтанушы-жеке тұлғаның сақтандыру полисінен бас тартуы себебі бойынша Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзған кезде, Сақтандырушы Сақтанушы-жеке тұлғаға алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру әрекет еткен уақытқа пропорционалды сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін және сақтандыру полисін бұзуға байланысты шығыстарды алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (он) пайызы мөлшерінде шегере отырып қайтаруға міндетті.
 6. Қарыз алушының қарыз шарты бойынша қарыз беруші алдындағы міндеттемелерін орындауына байланысты қарыз шартымен байланысты Сақтандыру полисінен Сақтанушы-жеке тұлғаның бас тартуы себебі бойынша Сақтандыру полисін мерзімінен бұрын бұзған кезде, Сақтандырушы Сақтанушы-жеке тұлғаға алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру



жарналарын) сақтандыру әрекет еткен уақытқа пропорционалды сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін және Сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығыстарды алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (он) пайызы мөлшерінде шегере отырып қайтаруға міндетті.

7. Осы Сақтандыру ережелері бөлімінің 3 – 6-тармақтарында көзделмеген негіздер бойынша Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзған кезде, сақтандыру сыйлықақысы қайтаруға жатпайды.
8. Сақтанушының Сақтандыру шартынан бас тартуы және сақтандыру сыйлықақысын төлемеуі жағдайында, Сақтанушы Шарттан бас тартқан күннен бастап 1 жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде төлеуге, сондай-ақ сыйлықақыны уақтылы төлемегені үшін төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысынан мерзімі өткен әрбір күн үшін 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
9. Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы оның талаптарын Сақтандырушының кінәсінен орындамауға байланысты болған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға ол төлеген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын толық көлемде қайтаруға міндетті.

20-бап. Қосымша талаптар

1. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес жасалатын Сақтандыру шартына тараптардың келісімі бойынша ерекше талаптар (сақтандыру ескертпелері, анықтамалар, алып тастаулар және т.б.) енгізілуі мүмкін.

21-бап. Дауларды шешу тәртібі

1. Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы мен Сақтанушы (Пайда алушы) арасында туындайтын даулар тікелей тараптардың өздері арқылы келіссөздер жолымен қаралады.
2. Тараптар арасында келісімге қол жеткізілмеген кезде, дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.
3. Сақтандыру полисі нәтижесінде туындаған залалды немесе жоғалтуды сақтандыру қорғанысымен жаппайды:
 - 1) Сақтандырылған мүлікті кез келген үкіметтің немесе оның бұйрығы бойынша (әскери, азаматтық немесе іс жүзіндегі), немесе қоғамдық не жергілікті билік органдарының тәркілеуі, мемлекет меншігіне айналдыруы, басып алуы, ұстап қалуы, қамауға алуы, жоюы, иемденуі, реквизициялауы немесе пайдалану үшін алуы.
 - 2) Кез келген өзге талаптарға қарамастан, Шарт бойынша сақтандыру оқиғаларға таралмайды, ал Сақтандырушы қандай да бір төлемдерді немесе сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмайды және Сақтанушыға немесе өзге тұлғаға қандай да бір қызметтер көрсетпейді, егер мұндай жабу, төлем, сақтандыру төлемі немесе қызмет және/немесе Сақтанушының кез келген кәсіпкерлік немесе өзге де қызметі сауда немесе экономикалық санкциялар туралы қолданылатын заңнамалық немесе өзге де нормативтік-құқықтық нормаларды бұзу болып табылса.
4. Тараптар Сақтанушыға, оның: үлестес тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, жұмыскерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қатысты Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігін және тәуелсіздігін бұзатын немесе қауіп төндіретін әрекеттерге қатысты шектеу шаралары туралы OFAC, Еуроодақ, Ұлыбритания санкциялары және/немесе шектеулері қолданылған жағдайда Сақтандырушы Шартты Сақтанушыны жай жазбаша хабардар ету арқылы біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға құқылы екенімен келіседі. Шарт Сақтандырушы Сақтанушыға Сақтандыру шартында көрсетілген мекенжай бойынша электрондық пошта немесе пошта арқылы хабарлама жіберген сәттен бастап бұзылды деп есептеледі.
5. Тараптар осы Сақтандыру ережелерінің осы бабының 4-тармағына сәйкес Шарт қолданылуы тоқтатылғаннан кейін Сақтандырушы Шарттың қолданылуы тоқтатылған күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде сақтандыру қорғанысының пайдаланылмаған кезеңіне пропорционалды осы Шарт бойынша төленген агенттік сыйақыны шегере отырып, пайдаланылмаған сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтаратынымен келіседі.
6. Тараптар Сақтанушыға, оның: үлестес тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, жұмыскерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қатысты Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігін және тәуелсіздігін бұзатын немесе қауіп төндіретін



әрекеттерге қатысты шектеу шаралары туралы OFAC, Еуроодақ, Ұлыбритания санкциялары және/немесе шектеулері қолданылған жағдайда Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін, оның ішінде санкциялар мен шектеулер қолданылғанға дейін басталған оқиғалар бойынша да, жүзеге асырмайтынымен келіседі.

7. Тараптар осы Сақтандыру ережелерінің осы бабының 4-тармағына сәйкес Шарт біржақты тәртіппен бұзылған кезде және санкциялар мен шектеулерге байланысты сақтандыру төлемі төленбеген кезде Сақтандырушы Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға/Пайда алушыға тұрақсыздық айыбын төлемейтінімен және қандай да бір залалдарды өтемейтінімен келіседі.



**ТАСЫМАЛДАУШЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІН САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ
(ЖАҢА РЕДАКЦИЯДА БАЯНДАЛҒАН)**

**Тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін
ерікті сақтандыру ережелеріне
№1 қосымша**

САҚТАНДЫРУ ПОЛИСИ серия _____ № _____
СТРАХОВОЙ ПОЛИС

САҚТАНДЫРУ СЫНЫБЫ / КЛАСС СТРАХОВАНИЯ
САҚТАНДЫРУ ТҮРІ / ВИД СТРАХОВАНИЯ
МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯ / ГОСУДАРСТВЕННАЯ ЛИЦЕНЗИЯ

СТРАХОВАНИЕ ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ.

ДОБРОВОЛЬНОЕ СТРАХОВАНИЕ ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТИ ПЕРЕВОЗЧИКА.

Серия № ___ от «__» _____ 20__ года.

САҚТАНДЫРУШЫ / СТРАХОВЩИК	«Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ тел.: 8 (727) 258 43 36; факс: 8 (727) 258 43 38, Алматы қ., «Еуразиялық банк» АҚ-ның № 6 филиалындағы IBAN: KZ4094806KZT22030005, BIC/SWIFT: EURIKZKA BSN 950540000024 АО «Страховая компания «Евразия», Республика Казахстан, 050004, г. Алматы, ул. Желтоқсан, 59. тел.: 8 (727) 258 43 36, факс: 8 (727) 258 43 38, IBAN: KZ4094806KZT22030005 в филиале №6 АО «Евразийский банк» г. Алматы, BIC/SWIFT: EURIKZKA БИН 950540000024
САҚТАНУШЫ / СТРАХОВАТЕЛЬ	_____
САҚТАНДЫРЫЛҒАН ТҮЛҒА / ЗАСТРАХОВАННЫЙ	_____
ПАЙДА АЛУШЫ / ВЫГОДОПРИОБРЕТАТЕЛЬ	_____
САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ / ОБЪЕКТ СТРАХОВАНИЯ	Имущественный интерес перевозчика, связанный с его обязанностью в порядке, установленном гражданским законодательством, возместить вред, причинении жизни, здоровью и (или) имуществу пассажиров и (или) грузоотправителю и (или) грузополучателю.
САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ / СТРАХОВАЯ СУММА	(_____) тенге.
САҚТАНДЫРУ СЫЙАҚЫСЫ / СТРАХОВАЯ ПРЕМИЯ	(_____) тенге.
ФРАНШИЗА / ФРАНШИЗА	_____, в размере _____ % от страховой суммы. Франшиза — предусмотренное условиями страхования освобождение страховщика от возмещения ущерба, не превышающего определенного размера.
САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ / СТРАХОВОЙ СЛУЧАЙ	_____
МАРКА / МОДЕЛЬ	_____
тіркеу сан реті / регистрационный номер	_____
шығарылған жылы / год выпуска	_____
САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ ВАЛЮТА ТҮРІ, ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ / ВИД ВАЛЮТЫ, ПОРЯДОК И СРОКИ УПЛАТЫ СТРАХОВОЙ ПРЕМИИ	_____
САҚТАНДЫРУ АЙМАҒЫ / ТЕРРИТОРИЯ ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА	_____
САҚТАНДЫРУ ПОЛИСИҢ ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІ / СРОК ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА	с «__» _____ 20__ года по «__» _____ 20__ года. обе даты включительно
ЕРЕКШЕ ЕРЕЖЕЛЕР / ОСОБЫЕ УСЛОВИЯ	_____
САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ / ПОРЯДОК И СРОКИ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ СТРАХОВОЙ ВЫПЛАТЫ	Страховщик, после получения всех необходимых документов для принятия решения о страховой выплате или об отказе в страховой выплате, в десятидневный срок, либо в срок, определенный соглашением сторон, принимает решение об осуществлении страховой выплаты либо об отказе осуществлении страховой выплаты, о чем в письменной форме сообщает Страхователю (выгодоприобретателю). Страховщик осуществляет страховую выплату Страхователю в десятидневный срок после вынесения решения о страховой выплате.
ПОЛИСТІҢ ТАЛАПТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН ТӘРТІБІ / СЛУЧАИ И ПОРЯДОК ВНЕСЕНИЯ ИЗМЕНЕНИЙ В УСЛОВИЯ ПОЛИСА	Внесение изменений и дополнений в настоящий Полис производится по обоюдному согласию сторон, на основании письменного заявления (уведомления) одной из сторон. Если какая-либо сторона не согласна на внесение изменений и дополнений в настоящий Полис, в пятидневный срок решается вопрос о продолжении действия настоящего Полиса на прежних условиях или о прекращении настоящего Полиса. Изменения и дополнения к настоящему Полису оформляются путем заключения дополнительных соглашений в письменной форме.

Комиссиялық сыйақы. Комиссионное вознаграждение – иә/да,нет/жоқ.

Сақтандыру ережелерімен таныстым, өзім хабарлаған мәліметтердің шынайылығын растаймын, полисті және сақтандыру ережелерінің көшірмесін алдым./
С правилами страхования ознакомлен, достоверность сообщенных мною сведений подтверждаю, полис и копию правил страхования получил.

Сақтандырушы (немесе оның өкілі)/
Страховщик (или его представитель):
АО «Страховая компания «Евразия»

Сақтанушы / Страхователь:

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

М.П.
Если подписант агент
Агент (ФИО/Наименование)
Адрес (если агент юридическое лицо)
ИНН/БИН
телефон

М.П.

Берілген күні / Дата выдачи: «__» _____ 20__ ж./г.



ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыға оның қаржылық тұрақтылығы және төлем қабілеттігі бойынша ақпарат талап ету;
- 2) сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасы мөлшері шегінде (жауапкершіліктің шекті көлемінде), егер Сақтандырушының жазбаша келісімімен үшінші тараптардың талабын өзі реттесе;
- 3) тағы да басқа Қазақстан Республикасының заңдарындағы құқықтар.

2. Сақтанушы міндетті:

- 1) Сақтандыру жағдайының басталу ықтималдылығын және оның басталуынан мүмкін болатын залалдардың мөлшерін анықтау үшін маңызды мәні бар белгілі болған мән-жайлар туралы хабарлау;
- 2) дереу, Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің ұлғаюы туралы, сонымен қатар Шартты жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы оған белгілі болған маңызды өзгерістер туралы хабарлау, егер бұл өзгерістер Шарттың әрекет ету кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер ететін болса. Шарт жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы кез келген өзгерістер маңызды болып танылады;
- 3) шарт жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау үшін оған белгілі барлық мәліметтерді хабарлау және осыған сәйкес Сақтандырушының сақтандыру шартын жасасуы туралы шешім қабылдауы;
- 4) жазбаша түрде Сақтандырушыға басқа сақтандыру компанияларымен азаматтық-құқықтық жауапкершілігін жасалған не жасалуға тиіс шарттар туралы хабарлау тиіс;
- 5) нормативтік-құқықтық актілерімен белгіленген Ережелерді және жолаушылар мен жүк тасымалдау нормаларды орындау;
- 6) сақтандыру шарты белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйақыларын төлеуге;
- 7) жұмыскерлерге, Сақтандырылған тұлғаларға сақтандыру Ережесінің талаптарындағы мәліметтерді жеткізу;
- 8) сақтандыру Ережесінің шартын орындауға (сақтандырылғанның сақтандыру Ережесін бұзылуы, сақтанушының өзі сақтандыру Ережесін бұзды деп танылады);
- 9) сақтандыру жағдайы белгілері болған кезде, осы Полисінің 6 тармақтағы белгіленген әрекеттерді жасау;
- 10) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғандығы туралы 3 (Үш) күн мерзім ішінде дереу хабарлауға;
- 11) сақтандыру жағдайынан туатын талаптарды азайту үшін немесе тоқтату үшін мүмкін болатын және нысаналы шаралардың барлығын қолдануға;
- 12) осы Полис талаптарына сәйкес, сақтандыру төлемдері мен сыйақылары мөлшері туралы құпияда сақтау;
- 13) сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы Сақтандырушыны хабардар етуге;
- 14) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғандығы туралы хабарлауға;
- 15) сақтандыру жағдайынан туатын залалдарды азайту үшін шаралар қолдануға;
- 16) сақтандыру жағдайының басталғандығы үшін жауапты адамнан талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге.

3. Сақтандырушы құқылы:

- 1) оған ұсынылған ақпараттарды және құжаттарды тексеру;
- 2) сақтандыру шартының әрекет ету кезеңінде Сақтанушы көлік құралдарының эксплуатациясын және техникалық қызмет етуін, жолаушылар мен жүк тасымалдау Ережелерін орындауын тексеру;
- 3) залал келтірілген мүлкігі қарауға қатысу;
- 4) сақтандыру оқиғасы болған жағдайда өз бетінше оқиғаның себебін анықтау, құзыретті органдарға сұраныс жіберу;
- 5) сақтандыру оқиғасының фактісін анықтау үшін (шығу себебі) Сақтанушыдан немесе Сақтандырылған тұлғадан ақпарат алу;
- 6) сотта «даудың нысанасына дербес талаптарды мәлімдемейтін үшінші тұлға» ретінде қатысуға;
- 7) Сақтанушыға не Сақтандырылған тұлғаға қойылған талап мөлшерін заң негізінде даулауға;
- 8) Сақтандыру Ережесінің 5 бабының 1 тармағына немесе 17 бабының 6 тармағына, сәйкес Сақтанушы мен Сақтандырылған тұлғаны жазбаша ескерте отырып, сақтандыру жағдайы деп танымау арқылы сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту;
- 9) сақтандыру жағдайы туралы 3 (Үш) күн мерзім ішінде хабарламаған немесе автокөлік құралын қарауға кедергі келтірген Сақтанушыға сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту;
- 10) сақтандыру тәуекелінің ұлғаюы кезеңінде Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді талап ету немесе сақтандыру тәуекелінің ұлғаю мөлшерінде қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап ету;
- 11) Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген басқа да әрекеттерді жасауға.

4. Сақтандырушы міндетті:

- 1) Сақтанушыны сақтандыру Ережелерімен таныстыруға;
- 2) сақтандыру жағдайы деп тану және сақтандыру төлемін төлеу үшін қажетті құжаттарды хабарлауға;
- 3) сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Полисінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізуге;
- 4) Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға) сақтандыру жағдайы кезінде олардың залалдарын азайту үшін жұмсаған шығындарын өтеуге;
- 5) жазбаша түрде Сақтандырушының (жәбірленушінің) сақтандыру оқиғасын танымау немесе сақтандыру төлемінің көлемін азайту туралы шешім шығару;
- 6) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге міндетті.
- 7) мынадай жағдайларда сақтандыру төлемін бас тартуға:
– Сақтанушының/сақтандырылушының/ пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты, сондай-ақ жашай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша -ЖКҚТК тізбесі) болуы;

ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН

1. Страхователь вправе:

- 1) требовать от Страховщика информацию о его платежеспособности и финансовой устойчивости;
- 2) на возмещение затрат в пределах указанного в договоре страхования размера страховой суммы (предельного объема ответственности), если он по письменному согласию страховщика сам урегулировал требования третьих лиц;
- 3) совершать иные действия, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

2. Страхователь обязан:

- 1) сообщать об известных обстоятельствах, имеющие существенное значение для определения вероятности наступления страхового случая и размера возможных убытков от его наступления;
- 2) незамедлительно, сообщать Страховщику об увеличении страхового риска, а также о ставших ему известными значительных изменениях в обстоятельствах, сообщенных страховщику при заключении Договора, если эти изменения могут повлиять на увеличение страхового риска в период действия Договора. Значительными признаются любые изменения в обстоятельствах, сообщенных Страховщику при заключении Договора;
- 3) при заключении настоящего Полиса сообщить Страховщику обо всех известных ему обстоятельствах, имеющих существенное значение для оценки страхового риска и принятия Страховщиком решения о заключении настоящего Полиса;
- 4) письменно сообщать страховщику обо всех заключенных и заключаемых договорах страхования гражданско-правовой ответственности с другими страховыми компаниями;
- 5) соблюдать установленные нормативными актами Правила и нормы перевозки пассажиров и грузов;
- 6) уплачивать страховую премию в размерах и порядке, определенных договором страхования;
- 7) довести до сведения своих работников, Застрахованных требования Правил страхования;
- 8) выполнять условия настоящих Правил страхования (нарушение Правил страхования работниками страхователя расценивается как нарушение Правил страхования самим страхователем);
- 9) при наступлении события, имеющего признаки страхового случая, совершить необходимые действия, указанные в пункте 6 настоящего Полиса;
- 10) незамедлительно, но не позднее 3 (Трех) дней (за исключением праздничных и выходных дней) со дня, когда ему стало известно, сообщить страховщику о начале действий компетентных органов по факту причинения вреда (расследование, возбуждение уголовного дела, вызов в суд и т.п.), а также о всех предъявляемых претензий третьих лиц, о подаче искового заявления и т.п.;
- 11) принимать все доступные меры по уменьшению размеров предъявляемых требований, если у Страхователя или Застрахованного имеются для этого основания;
- 12) сохранять конфиденциальность об условиях Полиса страхования и размерах страховых премий и выплат;
- 13) информировать страховщика о состоянии страхового риска;
- 14) уведомлять страховщика о наступлении страхового случая;
- 15) принять меры к уменьшению убытков от страхового случая;
- 16) обеспечить переход к страховщику права требования к лицу, ответственному за наступление страхового случая.

3. Страховщик вправе:

- 1) проверить представляемую ему информацию и документы;
- 2) проверить в период действия договора страхования соблюдение страхователем правил эксплуатации и технического обслуживания транспортных средств и перевозки пассажиров и грузов;
- 3) участвовать в осмотре поврежденного имущества;
- 4) самостоятельно выяснять причины и обстоятельства события, имеющего признаки страхового случая, в том числе направлять запросы в компетентные органы;
- 5) требовать от Страхователя или Застрахованного информацию, необходимую для установления факта страхового случая, обстоятельств его возникновения;
- 6) участвовать в суде в качестве «Третьего лица, не заявляющего самостоятельные требования»;
- 7) в установленном законом порядке оспорить размер требований, предъявляемых к Страхователю или Застрахованному;
- 8) отказать в страховой выплате в случае непризнания события страховым случаем на основании пункта 1 статьи 5 настоящих Правил, либо в случаях, предусмотренных пунктом 6 статьи 17 настоящих Правил, письменно уведомив об этом страхователя и потерпевшего;
- 9) отказать в страховой выплате в случае несообщения страхователем о наступившем страховом случае в 3 (Трех) дневный срок (за исключением праздничных и выходных дней) либо препятствования осмотру потерпевшего имущества;
- 10) в случае увеличения степени риска потребовать изменения условий договора страхования или уплаты дополнительной страховой премии соразмерно увеличению риска;
- 11) совершать иные действия, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

4. Страховщик обязан:

- 1) ознакомить страхователя с настоящими Правилами;
- 2) сообщать перечень документов, необходимых для принятия решения о признании события страховым случаем и осуществления страховой выплаты;
- 3) при наступлении страхового случая произвести страховую выплату в размере, порядке и сроки, установленные в настоящем Полисе;
- 4) возместить страхователю (Застрахованному) расходы, произведенные им для уменьшения убытков при страховом случае;
- 5) письменно уведомить страхователя и потерпевшего о непризнании события страховым случаем или о принятии решения уменьшить размер страховой выплаты;
- 6) обеспечить тайну страхования.
- 7) отказать в страховой выплате в случаях:
– нахождения Страхователя/ Застрахованного/ Выгодоприобретателя и (или) бенефициарного собственника в перечне организаций и лиц, связанных с финансированием терроризма и экстремизма, опубликованного на официальном сайте



- Сақтанушы/ сақтандырылушы тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ Сақтандырушының сұрауы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбаған;
- ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция АЖ және ТҚ мақсатында жасалады деп пайымдауға негіз болған кезде.

5. Потерпевший вправе:

- 1) Сақтандырушыға Сақтанушының (Сақтандырылушының) тасымалдауды жүзеге асыруы нәтижесінде болған оқиға басталғаны туралы хабарлауға;
- 2) Сақтанушының (Сақтандырылушының) орнына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауға және оларды Сақтанушымен (Сақтандырылушының) сақтандыру шартын жасасқан Сақтандырушыға беруге;
- 3) денсаулыққа және (немесе) мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы көрсететін қызметтерді пайдалануға;
- 4) сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жасаған, келтірілген зиянның мөлшерін бағалаудың нәтижелерімен және сақтандыру төлемі мөлшерінің есеп-кісабымен танысуға;
- 5) сақтандыру төлемін алуға;
- 6) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы немесе оның мөлшерін азайтуы туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен дау айтуға.
6. Сақтандыру оқиғасының болуы және одан келген шығынды дәлелдеу Сақтанушының мойнында.
7. Сақтанушы, осы Сақтандыру шартына қол қоя отырып, тәуекелдердің алдын алуда және сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеуде сақтандыру мүддесінің бар екендігін растайды.
8. Басқа да осы талаптармен реттелмеген сұрақтар бойынша тараптар «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ тасымалдаушы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру Ережелерін басшылыққа алады.

Агентства Республики Казахстан по финансовому мониторингу, а также связанных с финансированием распространения оружия массового уничтожения (далее по тексту – Перечень ФРОМУ);

- не предоставления Страхователем/ Застрахованным документов, а также дополнительной информации по запросу Страховщика для проведения надлежащей проверки;
- когда есть основания полагать, что операция с деньгами и (или) иным имуществом совершается с целью ОД и ФТ.

5. Потерпевший вправе:

- 1) сообщить страховщику о происшествии, в результате которого ему причинен вред Страхователем (Застрахованным);
- 2) произвести вместо страхователя (Застрахованного) сбор документов, необходимых для осуществления страховой выплаты, и представить их страховщику, с которым страхователь (Застрахованный) заключил договор страхования;
- 3) воспользоваться услугами независимого эксперта для оценки размера причиненного вреда здоровью и (или) имуществу;
- 4) ознакомиться с результатами оценки размера причиненного вреда и расчетами размера страховой выплаты, произведенными страховщиком или независимым экспертом;
- 5) получить страховую выплату;
- 6) оспорить в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, решение страховщика об отказе в осуществлении страховой выплаты или уменьшении ее размера.
6. Доказывание наступления страхового случая, а также причинных им убытков лежит на Страхователе.
7. Страхователь, подписывая настоящий Договор страхования подтверждает, что имеет страховой интерес в предотвращении рисков и недопущении наступления страхового случая.
8. По всем иным вопросам, неурегулированным настоящим полисом, стороны будут руководствоваться Правилами добровольного страхования гражданско-правовой ответственности перевозчика АО «Страховая компания «Евразия».